

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 23 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 қазанда № 5111 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 04.01.2017 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 15 тамыздағы № ВО 3-4/125 ұсынысы негізінде Көптоғай ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Көптоғай ауылдық округінің аумағының ұсақ малдары арасынан пастереллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көптоғай ауылдық округінің әкімі

Ғ. Амирова